

Жер салығының базалық ставкаларының өзгерістері туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2009 жылғы 28 шілдедегі № 156 шешімі. Қостанай облысы Қамысты ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 қыркүйекте № 9-11-95 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2015 жылғы 3 тамыздағы № 300 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 03.08.2015 № 300 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 387-бабының 1-тармағына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту мақсатында Қамысты аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Автотұрақтар (паркингтер), автомобильге май құю станциялары үшін бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 379, 381, 383-баптарында белгіленген жер салығының базалық ставкалары 50 процентке ұлғайтылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қамысты ауданы мәслихатының 2012.07.24 № 51 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім олар алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	А у д а н д ы қ	м ә с л и х а т т ы ң
кезекті сессиясының төрайымы	С. Төлебаева	
	Қ а м ы с т ы	а у д а н д ы қ
мәслихатының хатшысы	Б. Рақымжанов	
КЕЛІСІЛДІ		

"Қамысты ауданының қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
----- С. Әлпаева

31 шілде 2009 жыл

"Қамысты ауданының экономика және
бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы
----- К. Нұржанова

31 шілде 2009 жыл

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Қостанай облысы
салық департаментінің Қамысты
ауданы бойынша салық
басқармасының бастығы
----- М. Сейтқамалов

31 шілде 2009 жыл